Ақтөбе облысының қоршаған орта жай-күйі жөніндегі ақпараттық бюллетені

Шілде 2022

«Қазгидромет» РМК Ақтөбе облысы бойынша филиалы

	МАЗМҰНЫ	Б.
1	Алғысөз	3
2	Атмосфералық ауаны ластаудың негізгі көздері	4
3	Қоршаған ортаның ауа сапасы	4
4	Жер үсті суларының сапасы	7
5	Радиациялық жағдай	8
6	Жауын-шашынның химиялық құрамы	8
7	Топырақтың ауыр металдармен ластану жағдайы	9
8	**1 қосымша**	9
9	**2 қосымша**	13
10	**3 қосымша**	16
11	**4 қосымша**	17

Алғы сөз

Ақпараттық бюллетень «Қазгидромет» РМК Ақтөбе облысы бойынша филиалы жүргізген жұмыс нәтижелері бойынша дайындалған.

Бюллетень мемлекеттік органдарды, жұртшылықты және халықты Ақтөбе облысының аумағындағы қоршаған ортаның жай-күйі туралы хабардар етуге арналған және Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс-шаралардың тиімділігін одан әрі бағалау, ластану деңгейінің үздіксіз өзгеру тенденциясын ескеру үшін қажет.

Атмосфералық ауа сапасын бағалау

1. Атмосфералық ауаны ластаудың негізгі көздері

Аймақтағы ауаның ластану деңгейін негізінен ірі кәсіпорындар анықтайды: «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ, «ҚазақойлАктөбе» ЖШС, «Ақтөбе ферроқорытпа зауыты» және ДКБК АҚ «ТҰК Казхром» филиалдары, «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «Ақтөбе ӨЭМ» АҚ, «Ақтөбе ЖЭО» АҚ. Стационарлық көздерден шығарындылардың жалпы көлемінің ішінде ілеспе газды жағу шығарындыларының үлесі 11,67 мың тоннаны құрайды. Алау қондырғыларынан шығатын барлық шығарындылардың 97% -ы 3 мұнай мен газ өндіретін және қайта өңдейтін кәсіпорындардың үлесіне тиесілі: «CNPC-Ақтөбемұнайгаз» АҚ, «ҚазақойлАктөбе» ЖШС және «Аман Мұнай» ЖШС.

Сонымен қатар, жылжымалы көздерден шығатын газдар Ақтөбе облысындағы ауаны ластайтын негізгі заттардың бірі болып табылады. 2019 жылы көлік саны 2018 жылмен салыстырғанда 7134 бірлікке азайды. Бензин қозғалтқышы бар көліктердің саны 2019 жылы 23175 бірлікке азайды, ал газ отынымен жүретіндер, керісінше, 2292 бірлікке артты. Статистика комитетінің мәліметінше, 2019 жылы көлік құралдарынан ластаушы заттар шығарындыларының төмендеуі байқалады.

2. Ақтөбе қаласының атмосфералық ауа сапасының мониторингі.

Ақтөбе қаласы аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 6 бақылау бекетінде, оның ішінде 3 сынаманы қолмен іріктеу бекетінде және 3 Автоматты станцияда жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы қала бойынша 10 көрсеткішке дейін анықталады: 1) қалқыма бөлшектер (шаң); 2) PM-2,5 қалқыма бөлшектер; 3) PM-10 қалқыма бөлшектер; 4) күкірт диоксиді; 5) көміртегі оксиді; 6) азот диоксиді; 7) азот оксиді; 8) күкіртті сутек; 9) формальдегид; 10) хром.

1-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

1-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасқан жері және анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекеттің мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	қолмен іріктеу	Авиақалашық 14, әуежай ауданы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді,азот диоксиді, формальдегид, хром, күкіртті сутек
2		Белинский к-сі 5, Жилгородка ауданы	
3		Ломоносов к-сі 7, ТЖ вокзалының ауданы	
4	үздіксіз режимде-әрбір 20 минут сайын	Рысқұлов к-сі, 4, Шанхай ауданы	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқымабөлшектері,күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутек,гамма сәулеленудің эквивалентті дозасының қуаты
5		Есет батыр к-сі, 109	
6		Жанқожа батыр к-сі, 89, Құрмыш ауданы	

Ақтөбе қаласында стационарлық бақылау бекеттерінен басқа жылжымалы экологиялық зертхана жұмыс істейді, оның көмегімен ауа сапасын өлшеу облыстың 3 нүктесі бойынша 8 көрсеткішке қосымша жүргізіледі*: 1) РМ-10 қалқыма бөлшектері; 2) күкірт диоксиді; 3) көміртегі оксиді; 4) азот диоксиді; 5) азот оксиді;6) күкірт сутегі; 7) аммиак; 8) формальдегид.*

2022 жылғы шілдедегі Ақтөбе қ. атмосфералық ауа сапасын мониторингілеу нәтижелері.

Ақтөбе қаласының бақылау желісінің деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі ***жоғары*** деп бағаланды, ол күкіртсутек бойынша СИ=9,9 (***жоғары*** деңгей) және ЕЖҚ=5% (***көтеріңкі*** деңгей) мәнімен №2 бекетте (Рысқұлов көшесі, 4Г) анықталды.

Күкіртсутектің ең жоғары бір реттік шоғыры – 9,9 $ШЖШ_{м.р.}$, азот диоксиді – 2,9 $ШЖШ_{м.р.}$, басқа ластаушы заттардың шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Ластаушы заттардың орташа айлық шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) жағдайлары: (10 ШЖК астам) тіркелмеді.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінің асып кетуінің айқындылығы және асып кету жағдайларының саны 2-кестеде көрсетілген.

2-кесте

Атмосферлық ауа ластануының сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыры		Максималды бір реттік шоғыры		ЕҚ	Шектен жоғары шоғыр саны $ПДК_{м.р.}$		
	мг/м^3	$ШЖШ_{о.т.}$ асу еселігі	мг/м^3	$ШЖШ_{м.р.}$ асу еселігі	%	>ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ
г. Актобе								
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,0042	0,0278	0,1000	0,2000				
Қалқыма бөлшектер РМ-2,5	0,0014	0,0408	0,0015	0,0094				
Қалқыма бөлшектер РМ-10	0,0005	0,0089	0,0016	0,0053				
Күкірт диоксиді	0,0103	0,2060	0,1436	0,2872				
Көміртек оксиді	0,5137	0,1712	3,5897	0,7179				
Азот диоксиді	0,0309	0,7717	0,5755	2,8775	1,76	122		
Азот оксиді	0,0219	0,3643	0,3417	0,8543				
Күкіртсутек	0,0012		0,0789	9,8625	3,39	173	7	
Формальдегид	0,0035	0,3462	0,0070	0,1400				
Хром	0,0003	0,2308	0,0007					
Гамма фон	0,1000		0,1200					

Атмосфералық ауа сапасын экспедициялық өлшеу нәтижелері.

Анықталатын қоспалар	Кірпішті а. №1 нүкте	
	мг/м^3	ШЖШ
Қалқыма бөлшектер (РМ-10)	0,0047	0,0157
Күкіртсутек	0,0051	0,6375
Формальдегид	0,0045	0,0900
Аммиак	0,0052	0,0260
Азот оксиді	0,0059	0,0148
Күкірт диоксиді	0,0044	0,0088
Азот диоксиді	0,0045	0,0225
Көміртек оксиді	1,9851	0,3970

Ластаушы заттардың шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Қорытындылар:

Соңғы бес жыл ішінде шілдеде ауаның ластану деңгейі келесідей өзгерді:



Кестеден көріп отырғанымыздай, шілде айында ауаның ластану деңгейі 2019 және 2021 жылы өте жоғары деңгеймен, қалған жылдары жоғары ластану деңгейімен бағаланды. Күкіртсутек - ауаны ластаудың негізгі көзі.

Метеорологиялық жағдайлар.

Шілдеде айдың көп бөлігінде облыс антициклон ықпалында болды. Айдың басында, ортасында және үшінші бөлігінде атмосфералық фронттардың ықпалымен күннің күркіреуі және жауын-шашын байқалды. 25.07.2022 күні қатты құйғын жауын-шашын байқалды, мөлшері 31,2 мм, жалпы шілде айында 77 мм, нормадан көп жауын-шашаын түсті. Кейбір күндері солтүстік, солтүстік-шығыс бағыттағы 15-20 м/с жылдамдықты жел байқалды.

3. Ақтөбе облысының аумағындағы жер үсті сулар сапасының мониторингі

Ақтөбе облысы бойынша жер үсті суларының сапасына бақылау 6 су объектісінің (Елек, Қарғалы, Ембі, Темір, Ор өзендері және Шалқар көлі) 13 тұстамасында жүргізілді.

Жер үсті суларын зерттеу кезінде су сынамаларында су сапасының 42 физикалық және химиялық көрсеткіштері анықталады: *температура, қалқыма заттар, түсі, мөлдірлігі, сутегі көрсеткіші (pH), еріген оттегі, ОБТ5, ОХТ, құрамында тұз бар негізгі иондар, биогенді элементтер, органикалық заттар (мұнай өнімдері, фенолдар), ауыр металдар.*

Ақтөбе облысының аумағындағы жер үсті сулар сапасының мониторинг нәтижелері.

Қазақстан Республикасының су объектілерінің су сапасын бағалауға арналған негізгі нормативтік құжаттар «Су объектілерінде судың сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі» (бұдан әрі - Бірыңғай жіктеме) болып табылады.

Су объектілерінің су сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша келесідей бағаланады:

3 кесте

Су объектісінің атауы	Су сапасының класы		Параметрлері	өлш. бірл.	концентрация
	Шілде 2021 г.	Шілде 2022г.			
Елек өзені	5-класс	4 класс	Аммоний-ион	мг/дм3	1,24
			Магний	мг/дм3	37,5
			Фенолдар*	мг/дм3	0,0014
			Хром(6+)	мг/дм3	0,061
			Қалқыма заттар	мг/дм3	12,383
Қарғалы өзені	5-класс	4 класс	Магний	мг/дм3	41
Ембі өзені	4 класс	нормаланбайды (>3 класса)	Фенолдар*	мг/дм3	0,0016
Темір өзені	5 класс	4 класс	Магний	мг/дм3	44
			Фенолдар*	мг/дм3	0,0019
Ор өзені	4 класс	4 класс	Аммоний-ионы	мг/дм3	1,24
			Фенолдар*	мг/дм3	0,0014
Ақтасты өзені	4-класс	4 класс	Магний	мг/дм3	32
Қосестек өзені	5 класс	4 класс	Аммоний-ионы	мг/дм3	1,17
			Фенолдар*	мг/дм3	0,0015
Ойыл өзені	нормаланбайды(>5 класса)	4 класс	Аммоний-ионы	мг/дм3	1,15
			Магний	мг/дм3	35
Үлкен Қобда өзені	5-класс	4 класс	Аммоний-ионы	мг/дм3	1,08
			Магний	мг/дм3	37
			Фенолдар*	мг/дм3	0,0011
Қара Қобда өзені	5-класс	4 класс	Аммоний-ионы	мг/дм3	1,09
			Фенолдар*	мг/дм3	0,0013
Ырғыз өзені	5-класс	4 класс	Аммоний-ионы	мг/дм3	1,29

			Фенолдар*	мг/дм3	0,0018

* - бұл кластағы заттар нормаланбайды

Кестеден көріп отырғанымыздай 2021 жылғы шілдемен салыстырғанда Елек, Қарғалы, Темір, Қосестек, Үлкен Қобда, Қара Қобда, Ырғыз өзендерінің жер-үсті су сапасы 5 кластан 4 класқа, Ойыл жоғары 5 кластан 4 класқа, Ембі 4 кластан жоғары 3 класқа жақсарған.

Ор, Ақтасты, өзендерінің жер-үсті су сапасы айтарлықтай өзгермеген.

Ақтөбе облысының су объектілеріндегі негізгі ластаушы заттар аммоний-ионы, магний, фенолдар*, хром(6+) және қалқыма заттар болып табылады.

2022 жылдың шілде айында Ақтөбе облысының аумағында Елек өзенінде хром (6+) 1 ЖЛ жағдайы тіркелді.

2 Қосымшада тұстамалар шегінде су объектілерінің сапасы бойынша ақпарат.

4. Радиациялық жағдай

Жергілікті жердегі гамма-сәулелену деңгейін бақылау күн сайын 7 метеорологиялық станцияда (Ақтөбе, Қарауылкелді, Новоалексеевка, Родниковка, Ойыл, Шалқар, Жағабұлақ) жүзеге асырылды.

Ақтөбе облысында атмосфераның жерге жақын қабатының радиациялық гамма-фонының орташа мәндері 0,05 – 0,20 мкЗв/сағ (норматив - 5 мкЗв/сағ дейін) шегінде болды.

Ақтөбе облысының аумағында атмосфераның жерге жақын қабатының радиоактивті ластануын бақылау Ақтөбе, Қарауылкелді, Шалқар метеостанцияларында көлденең планшеттермен ауа сынамаларын бес тәуліктік іріктеу арқылы жүргізілді.

Ақтөбе облысы атмосферасының жер бетіндегі қабатында радиоактивті түсулердің орташа тәуліктік тығыздығы 1,3-2,1 Бк/м2 шегінде ауытқыды. Түсудің орташа тығыздығы 1,8 Бк/м2 құрады, бұл шекті рұқсат етілген деңгейден аспайды.

5. Ақтөбе облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамын бақылау 6 метеорологиялық станцияда (Ақтөбе, Аяққум, Жағабұлақ, Мұгоджарская, Новороссийское, Шалқар) жаңбыр суының сынамасын алудан тұрды.

Жауын-шашындағы анықталған ластаушы заттардың концентрациясы шекті рұқсат етілген концентрациядан (ШРК) аспайды.

Тұнба үлгілерінде сульфаттар 35,62%, гидрокарбонаттар 17,8%, хлоридтер 14,73%, кальций иондары 16,4%, натрий иондары 6,62% және калий иондары 2,89% басым болды.

Ең жоғары жалпы минералдану Шалқар МС – 85,6 мг/л, ең азы – Новороссийское МС – 45,81 мг/л тіркелді.

Атмосфералық жауын-шашынның меншікті электр өткізгіштігі 85,0 мкС/см (МС Жағабұлақ және МС Новороссийское) пен 151,2 мкС/см (МС Шалкар) аралығында болды.

Жауын-шашынның қышқылдығы аздап қышқыл және бейтарап орта сипатына ие және 6,08 (МС Жағабұлақ) - 7,11 (МС Мұғалжар) аралығында.

6. Ақтөбе облысы бойынша 2022 жылғы жазғы кезеңіндегі топырақтың ауыр металдармен ластану жағдайы

Жазғы кезеңде Ақтөбе қаласында топырақ сынамаларында мырыш мөлшері - 1,82 - 2,22 мг/кг, мыс - 0,22 - 0,31 мг/кг, хром - 0,05 - 0,1 мг/кг, қорғасын - 0,1 - 0,15 мг/кг, кадмий - 0,1 - 0,14 мг/кг шегінде болды.

Ақтөбе облысында іріктелген топырақ сынамаларында № 16 мектеп, Тургенев көшесі, авиагородка ауданы, Темір жол вокзалы ауданы, АЗФ зауыты ауданы мырыш мөлшері 0,079 - 0,097 ШЖК шегінде болды, мыстың құрамы 0,073 - 0,104 ШЖК, хром - 0,008 - 0,017 ШЖК, қорғасын - 0,003 - 0,005 ШЖК, кадмия - 0,2 - 0,28 ШЖК.

Барлық анықталған ауыр металдар норманың шегінде болды.

1 қосымша



Ақтөбе қ. бақылау бекеттері мен метеостанцияның орналасу орындарының картасы

Қірпіштідегі іріктеу нүктесінің орналасу картасы

Ясныйдағы іріктеу нүктесінің орналасу картасы

Батыс-2-дегі іріктеу пункттесінің орналасу картасы



Хромтау қ. бақылау бекетінің орналасу картасы



Қандыағаш қ. бақылау бекетінің орналасу картасы



Шұбаршы а. бақылау бекетінің орналасу картасы



Кенқияқ а. бақылау бекетінің орналасу картасы

2 Қосымша

Ақтөбе облысының жер үсті су сапасының тұстамалар бойынша ақпараты

Су объектісі және тұстама	**Физика-химиялық параметрлердің сипаттамасы**	
Елек өзені	Су температурасы 16,2 – 18,8ºС, сутегі көрсеткіші 7,97 – 8,05, судағы еріген оттегі 4,76 – 9,65 мг/дм3, ОБТ5 1,09 – 1,86 мг/дм3, түстілігі 21 см, барлық тұстамада иісі – 0 балл.	
тұстама Алға қаласынан 0,3 км жоғары, Ақтөбе химиялық зауытының шлам тоғандарынан 1 км жоғары	4 класс	Аммоний-ионы – 1,21 мг/дм3. Магний – 41 мг/дм3. Фенолдар* – 0,0011 мг/дм3. Аммоний-ионның, магнийдің және фенолдардың нақты концентрациялары фондық кластан асады.
тұстама Алға қаласынан 15 км төмен, жер асты суларының шығуынан 0,5 км төмен.	4 класс	Аммоний-ионы – 1,53 мг/дм3. Магний – 47 мг/дм3. Фенолдар* – 0,0018 мг/дм3. Қалқыма заттар – 14,52 мг/дм3. Аммоний-ионның, магнийдің және қалқыма заттардың нақты концентрациялары фондық кластан асады. Фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.
тұстама Ақтөбе қаласынан 0,5 км жоғары, Новороссийск көпірінен 8 км жоғары, Қарғалы өз. құйылысынан	4 класс	Аммоний-ионы – 1,14 мг/дм3. Қалқыма заттар – 11,9мг/дм3. Аммоний-ионның және қалқыма заттардың нақты концентрациялары

11,2 км жоғары.		фондық кластан асады.
тұстама Ақтөбе қаласынан 4,5 км төмен, Жінішке өзеніне төмен құятын, жер асты суларының шығуынан 0,5 км жоғары.	4 класс	Магний – 32 мг/дм3. Магнидің нақты концентрациялары фондық кластан асады.
тұстама Ақтөбе қаласынан 20 км төмен, Георгиевка ауылынан 2,0 км төмен, жер асты суларының шығуынан 0,5 км төмен.	4 класс	Аммоний-ионы – 1,38 мг/дм3. Магний – 37 мг/дм3. Фенолдар* – 0,002 мг/дм3. Қалқыма заттар – 17,39 мг/дм3. Аммоний-ионның, магнийдің, фенолдардың және қалқыма заттардың нақты концентрациялары фондық кластан асады.
тұстама Целинный ауылынан 1,0 км оңтүстік – шығысқа, Елек өзенінің сол жақ жағалауы.	4 класс	Аммоний-ионы – 1,20 мг/дм3. Магний – 53 мг/дм3. Фенолдар* – 0,0015 мг/дм3. Қалқыма заттар – 14,88 мг/дм3. Хром (6+) – 0,057 мг/дм3 Аммоний-ионның, магнийдің, фенолдардың, қалқыма заттардың және хром(6+) нақты концентрациялары фондық кластан асады.
Қаргалы өзені	Су температурасы 23,9ºС, сутегі көрсеткіші 8,10, судағы еріген оттегі 9,10 мг/дм3, ОБТ5 1,05 мг/дм3, иісі – 0 балл.	
тұстама Қарғалы ауылы, Ауылдың батыс бөлігінде Бұтақ өзенінің су келуінің оң жақ беткейінен 1 км төмен.	4 класс	Магний – 41 мг/дм3. Магнийдың нақты концентрациялары фондық кластан асады.
Ембі өзені	Су температурасы 20,8 – 21ºС, сутегі көрсеткіші 8,05 – 8,08, судағы еріген оттегі 8,13 – 9,79 мг/дм3, ОБТ5 1,49 – 2,06 мг/дм3, иісі – 0 балл.	
тұстама Жағабұлақ ауылы, Жағабұлақ ауылынан 1,0 км солтүстік-батыста.	нормаланбайды (>3класс)	Фенолдар* – 0,002 мг/дм3 Фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.
тұстама Саға ауылы, Ауылдан 1,0 км оңтүстік-батыста.	нормаланбайды (>3класс)	Фенолдар* – 0,0012 мг/дм3. Фенолдың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.
Темір өзені	Су температурасы 18,8 – 19ºС, сутегі көрсеткіші 8,07 – 8,1, судағы еріген оттегі 6,93 – 7,93 мг/дм3, ОБТ5 1,63 – 2,13 мг/дм3, барлық тұстамада иісі – 0 балл.	
тұстама Покровское ауылы, Шелісай өзенінің су келуінің сол жақ беткейінен 400 м төмен.	4 класс	Магний – 44 мг/дм3. Фенолдар* – 0,002 мг/дм3 Қалқыма заттар – 14,29 мг/дм3. Магнийдің, фенолдардың және қалқыма заттардың нақты концентрациялары фондық кластан асады.
тұстама Ленинское ауылы, ауылдан 9 км төмен, Күлден-Темір өзенінің су сағасының сол жақ беткейінен 2 км	4 класс	Магний – 44 мг/дм3. Фенолдар* – 0,0018 мг/дм3. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

төмен.		Фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.
Ор өзені	Су температурасы 26ºС, сутегі көрсеткіші 8,01, судағы еріген оттегі 8,62 мг/дм3, ОБТ5 1,54 мг/дм3, түстілігі 21 см, иісі 0 балл.	
тұстама Бөгетсай ауылы, ауылдан 0,3 км төмен, Бөгетсай өзенінің құйылысынан 0,2 км төмен.	4 класс	Аммоний-ионы – 1,24 мг/дм3. Фенолдар* – 0,0014 мг/дм3. Аммоний-ионының нақты концентрациялары фондық кластан асады. Фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.
Қос-Естек	Су температурасы 24,5ºС, сутегі көрсеткіші 8, судағы еріген оттегі 9,13 мг/дм3, ОБТ5 1,11 мг/дм3, иісі – 0 балл.	
Қос-Естек ауылы, ауылдың оңтүстік-батыс бөлігінде шамамен атауы жоқ су сағасының сол жақ беткейінен 1 км жоғары, Таранғұл және Айтпай өзендерінің суы қосылған жерінен 2 км төмен.	4 класс	Аммоний-ионы – 1,17 мг/дм3. Фенолдар* – 0,0015 мг/дм3. Аммоний-ионның және фенолдардың нақты концентрациялары фондық кластан асады.
Ақтасты өзені	Су температурасы 25,1ºС, сутегі көрсеткіші 8.05, судағы еріген оттегі 8,05 мг/дм3, ОБТ5 2,05 мг/дм3, иісі – 0 балл.	
Белогорка ауылы, ауыл шетінің солтүстік-шығыс беткейі, Ақтасты құрайтын Тересбұтақ және Тереңсай өзендерінің су қосылған жерінен 9 км төмен.	4 класс	Магний – 32 мг/дм3. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.
Ойыл өзені	Су температурасы 27,4ºС, сутегі көрсеткіші 8,12 судағы еріген оттегі 6,4 мг/дм3, ОБТ5 1,54 мг/дм3, иісі – 0 балл.	
Ойыл ауылы, ауыл шетінің солтүстік-шығыс беткейінде автожол көпірінен (белдемінен) 92 м жоғары.	4 класс	Аммоний-ионы – 1,15 мг/дм3. Магний – 35 мг/дм3. Аммоний-ионның және магнийдің нақты концентрациялары фондық кластан асады.
Үлкен Қобда	Су температурасы 23ºС, сутегі көрсеткіші 8,15, судағы еріген оттегі 4,60 мг/дм3, ОБТ5 1,60 мг/дм3, түстілігі 21 см, иісі – 0 балл.	
Қобда ауылы, Новоалексеевка ауылының шетінен оңтүстік-шығысқа 1 км, Темірбетонды автожол	4 класс	Аммоний-ионы – 108 мг/дм3. Магний – 37 мг/дм3. Фенолдар* – 0,0011 мг/дм3. Аммоний-ионның, магнийдің және фенолдардың нақты концентрациялары

көпірінен (белдемінен) 400 м төмен.		фондық кластан асады.
Қара Қобда	Су температурасы 23,8ºС, сутегі көрсеткіші 8,11 судағы еріген оттегі 3,97 мг/дм3, ОБТ5 1,13 мг/дм3, иісі – 0 балл.	
Альпасай ауылы, Альпасай ауылынан 360 м. Шығысқа және Сары-Қобда өзенімен су қосылған жерден 18 км.	4 класс	Аммоний-ионы – 1,09 мг/дм3. Фенолдар* – 0,0013 мг/дм3. Аммоний-ионның және фенолдардың нақты концентрациялары фондық кластан асады.
Ырғыз өзені	Су температурасы 25ºС, сутегі көрсеткіші 8,03, судағы еріген оттегі 7,55 мг/дм3, ОБТ5 1,99 мг/дм3, иісі – 0 балл.	
Шеңбертал ауылы, ауылдан 8 км және темірбетон көпірден 1,2 км.	4 класс	Аммоний-ионы – 1,29 мг/дм3. Фенолдар* – 0,0018 мг/дм3. Аммоний-ионның және фенолдардың нақты концентрациялары фондық кластан асады.

* - бұл кластағы заттар нормаланбайды

3 Қосымша

Актөбе облысының аумағындағы көлдердіңжер үсті сулары сапасының нәтижелері

	Ингредиентердің атауы	**Өлшем бірлігі**	**Шілде 2022ж**
			Шалқар көлі
1	Көзбен шолу		
2	Температура	°С	26,3
3	Сутегі көрсеткіші		8
4	Еріген оттегі	мг/дм3	9,58
5	Судың иісі	балл	0
6	ОБТ5	мг/дм3	1,33
7	ОХТ	мг/дм3	19,63
8	Қалқыма заттар	мг/дм3	14,04
9	Гидрокарбонаттар	мг/дм3	293
10	Кермектік	мг/дм3	5,65
11	Минерализация	мг/дм3	584
12	Натрий + калий	мг/дм3	61
13	Құрғақ қалдық	мг/дм3	900
14	Кальций	мг/дм3	61
15	Магний	мг/дм3	31
16	Сульфаттар	мг/дм3	69
17	Хлоридтер	мг/дм3	69
18	Фосфаттар	мг/дм3	0,008
19	Жалпы фосфор	мг/дм3	0,018
20	Нитритті азот	мг/дм3	0,003

21	Нитратты азот	мг/дм3	0,005
22	Жалпы темір	мг/дм3	0,005
23	Тұзды аммоний	мг/дм3	0,81
24	Қорғасын	мг/дм3	0,004
25	Мыс	мг/дм3	0,005
26	Мырыш	мг/дм3	0,002
27	АББЗ /СББЗ	мг/дм3	0,005
28	Фенолдар	мг/дм3	0,0015
29	Мұнай өнімдері	мг/дм3	0,002

4 Қосымша

Анықтамалық бөлім

Елді мекендердің ауасындағы ластаушы заттардың рұқсат етілген шекті шоғырлануы (ШЖШ)

Қоспалар	**ШЖШ мәні, мг/м3**		**Қауіптілік классы**
	максималды бір реттік	**орта тәуліктік**	
Азот диоксиді	0,2	0,04	2
Азот оксиді	0,4	0,06	3
Аммиак	0,2	0,04	4
Бенз/а/пирен	-	0,1 мкг/100 $м^3$	1
Бензол	0,3	0,1	2
Бериллий	0,09	0,00001	1
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,5	0,15	3
Қалқыма бөлшектер РМ 10	0,3	0,06	
Қалқыма бөлшектер РМ 2,5	0,16	0,035	
Хлор сутегі	0,2	0,1	2
Кадмий	-	0,0003	1
Кобальт	-	0,001	2
Марганец	0,01	0,001	2
Мыс	-	0,002	2
Мышьяк	-	0,0003	2
Озон	0,16	0,03	1
Қоғасын	0,001	0,0003	1
Күкірт диоксиді	0,5	0,05	3
Күкірт қышқылы	0,3	0,1	2
Күкіртсутек	0,008	-	2
Көміртек оксиді	5,0	3	4
Фенол	0,01	0,003	2
Формальдегид	0,05	0,01	2
Фтор сутегі	0,02	0,005	2
Хлор	0,1	0,03	2
Хром (VI)	-	0,0015	1
Мырыш	-	0,05	3

"Қалалық және ауылдық елді мекендердегі атмосфералық ауаға гигиеналық норматив" (2015 жылғы 28 ақпандағы №168 СанПин)

Атмосфераның ластану индексінің дәрежесін бағалау

Градация	Атмосфералық ауаның ластануы	Көрсеткіштер	Бір айға бағалау
I	Төмен	СИ ЕҚ, %	0-1 0
II	Көтерінкі	СИ ЕҚ, %	2-4 1-19
III	Жоғары	СИ ЕҚ, %	5-10 20-49
IV	Өте жоғары	СИ ЕҚ, %	›10 ›50

БҚ 52.04.667-2005 Мемлекеттік органдарды, жұртшылықты және халықты ақпараттандыру үшін қалалардағы атмосфераның ластану жай-күйінің құжаттары. Әзірлеуге, сақтауға, мазмұндауға және мазмұнына қойылатын жалпы талаптар

Су пайдалану санаттары (түрлері) бойынша су пайдалану сыныптарын саралау

Су пайдалану санаты (түрі)	Мақсаты / түрі тазалау	Суды пайдалану сыныптары				
		1 класс	2 класс	3 класс	4 класс	5 класс
Балық шаруашылығының суын пайдалану	Албыртбалық	+	+	-	-	-
	Тұқыбалық	+	+	-	-	-
Ауыз су пайдалану шаруашылығы	Қарапайым су дайындау	+	+	-	-	-
	Дағдылы су дайындау	+	+	+	-	-
	Қарқынды су дайындау	+	+	+	+	-
Рекреациялық су пайдалану (мәдени-тұрмыстық)		+	+	+	-	-
Суару	Дайындықсыз	+	+	+	+	-
	Карталарда тұндыру	+	+	+	+	+
Өнеркәсіп: технологиялық мақсаттар, процестер салқындату		+	+	+	+	-
гидроэнергетика		+	+	+	+	+
пайдалы қазбаларды өндіру		+	+	+	+	+
транспорт		+	+	+	+	+

Су объектілеріндегі су сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі (АШМ СРК 09.11.2016 ж. №151 Бұйрығы)

Радиациялық қауіпсіздік нормативі

Нормаланатын шамалар	Доза шектері
Тиімді доза	Халық
	Кез келген кезекті 5 жыл үшін жылына 1 мЗ орташа, бірақ жылына 5 мЗ артық емес

*"*Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық талаптар радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге»*

Топырақты ластаушы зиянды заттар шоғырларының шекті жол берілген мөлшері

Заттардың атауы	**Шекті рұқсат етілген шоғыр (бұдан әрі - ШРШ) топырақта мг/кг**
Қорғасын (жалпы нысан)	32,0
Мыс (жылжымалы нысан)	3,0
Мыс (жалпы нысан)	33
Хром (жылжымалы нысан)	6,0
Хром $^{+6}$	0,05
Марганец (жалпы нысан)	1500
Никель (жылжымалы нысан)	4,0
Мырыш (жылжымалы нысан)	23,0
Күшәла (жалпы нысан)	2,0

* ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2004 ж. 30.01. №99 және ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен 2004 ж. 27.01. №21-п біріккен бұйрық.

"ҚАЗГИДРОМЕТ" РМК АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ
АВИАГОРОДОК 14В
ТЕЛ. 8 (7132)-22-85-72

E MAIL:HIMLABACGM@MAIL.RU